

Жанғара Дәдебаев,
филология ғылымдарының докторы, профессор,
әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
Абай ғылыми-зерттеу институтының директоры

МЕНИҢ ҚАМБАР АҒАМ (Эссе)

1

Көктемде Талас өзенінің суы тасып, арнасынан асып, алты саламен алты өзек болып жер-жерді аралап келеді де, бір сағада тоғысып, өзеннің арнасына қайта құйылады. Қамбар Қойшыбайұлы 1944 жылы 1 мамырда осы жерде киіз үйдің ішінде атасының қара шаңырағаның саясында дүние есігін ашты. Әкесі - Тамабай селолық советтің хатшысы. Отының басына іңгәлап келген тұңғыш немересінің үнін естігенде, Құрманәлі кәрияның көңілі қуанышқа толды. Нәрестенің атын Қамбар қойды.

«Менің кіндік қаным тамған жер «Қоғылдың құйғаны» деп аталады», - дейді Қамаң. Қоғылдың құйғаны - Жамбыл облысы Талас ауданы Карл Маркс ауылдық кеңесіне қарасты Амангелді ауылының жазғы жайлауы.

Қамаңның айтуынша, адам баласы дүние есігін ашуға өздігінше талпынбайды, ұмтылмайды, құштар болмайды. Ол жарық дүниеге өзінің қалауымен, еркімен емес, Жаратқанның бұйрығымен келеді. Оның дүние есігін ашқан, кіндік қаны тамған жерін, дүниеге жылап келгенде сая болған атасының қарашаңырағын, үйін, отының басын қадір, қасиет тұтуы да Жаратқанның жазуынан. Өсе келе оның кіндік қаны тамған жер, туған жер туралы сезіп-білгендері туған ел, Отан, Атамекен ұғымдарымен ұштасып, бірбүтін үлкен танымға айналады. Ол өмірінің мәні мен сәнін туған жерінде өніп-өсуден, туған елінде өмір сүруден, Отанының игілігі үшін еңбек етуден, жақсы ісі мен жақсы сөзін өзінен кейінгілерге, елдің өсер өркеніне қалдырудан табады. Адам баласын бақытты ететін ғажайып қуаттың көзі өмірдің осындай мәні мен сәнінде.

Қамаңның туған жерге, өскен елге құрметі эсселерінен, өлеңдерінен самалдай есіп тұрады.

Асау өзен бой бермей тасығанда,
Ала қашты алты сай, алты арна.
Қан тамырдай таралып тарам-тарам,
Қосылады Таласқа жалғыз саға, -

деген өлең жолдары ақынның кіндік қаны тамған жерге деген осындай құрметінен туған.

Қоғылдың құйғаны – ауылдың ең жақсы жайлауларының бірі.

2

Жазда шөп ору науқаны басталады. Су жайылған шабындық жерде жазда кісі бойы шөп өседі. Біздің фермеде шынжыр табан жалғыз трактор болды. Бір өзі шөп оратын машинаның үшеуін тіркеп алады. Ол тіркемелерді сол кезде «агрегат» дейтін. Әр тіркемеде отыруға ыңғайлы орындық бар. Мен сол агрегаттардың шөп оратын орақтарының қақалып-шашалып қалмауын, кедір-бұдыр жерлерде кедергісіз жұмыс жасауын қадағалаймын. Пышағы сынып қалса, сынған пышақтың орнына жаңасын салуды үйрендім. Трактордың, агрегаттың қозғалатын тетіктерін майлауды білдім. Кейін бұғанам қатқанда, жазғы каникулдың кезінде шөпшілердің бригадасында жұмыс істедім. Шөпті арбамен тасиды. Мен сол арбалардың біріне шөп саламын. Арбакеш шөпті арбасына үйіп, арқанмен бастырып байлап, шөп жинайтын жерге апарып, маякештің алдына жеткізіп тұрады, маякеш шөпті маялап жинайды. Жұмыстың аяғында арбаға аздап шөп салып алып, қосқа келеміз. Жатарда шөпшілердің біразы үйдің ішінде, біразы арбаның үстіне масақана құрып, сонда жайғасады. Көз ілінгенше әңгіме айтылады.

Сол әңгімелердің кейбір сарындары есіме түскенде, әлі күнге дейін толқимын. Кей сарындардың қайбір жайларын есімде сақтай алмағаным әжептеуір өкінемін. Кейін сол әңгімелерді айтушыларды арнайы іздегенде, ешқайсысын таба алмадым. Енді сондай әңгімелерді тыңдаған, естіген жандарды іздестірдім. Оларды табу да оңай болмай қалған екен. Ары-бері ойланып, толғанғанда, Қамбар Қойшыбайұлы ағамды іздедім. Қамбар ағамның көргені де, білгені де көп, көңіліне тоқығаны да көп. Ел мен жер тарихы туралы жиған-тергені мол. Іздегенімнің бәрін болмаса да, біразын осы ағамның ой қазынасынан табармын-ау деп үміттенемін.

3

Қамбар ағамды жақсы біліп, жақын тұтуым ертеде басталды. Мектепте жоғары сыныптарда қосымша кәсіби білім ала бастадық. Мектепті бітіргенде, аттестатпен бірге «механизатор-животновод» деген куәлік берілетін болған. Ауылшаруашылығы машина-тракторлары, мал шаруашылығы, оны механикаландыру, электрлендіру сияқты пәндер оқимыз. Оның өндірістік тәжірибесі бар. Сондай өндірістік тәжірибеде екі рет болғаным есімде. Мұғаліміміз бір жүк машинасына салып жіберген. Содан түлей құмның ортасынан бір-ақ шықтым.

Қаракөл қойын өсіру, мемлекетке қаракөл елтірісін тапсыру ісі өрлеп тұрған кез. Құм ішіндегі бекетте қаракөл қойын қолдан ұрықтандырып жатқан бір қауым жұрт. Бекет бастығы Сәтекбай деген ағамыз екен. Бекет басында терең құдық бар. Ұсақ мал да, ірі қара да суды осы құдықтан ішеді. Түйелер де бар. Есқожа құдығы деп аталады екен. Суы мол, тәтті. Менің өндірістік тәжірибе жинақтауым осы жерде өтті. 10-15 қошқар қорада жемде тұрады. Түске дейін бір мезгіл, түс ауа бір мезгіл соларды сыртқа шығарып жаямын. Жаяу. Сексеуілдің арасында. Алысқа ұзамаймын. Аздап елегзимін.

Қамбар ағам осы жерде екен. Зоотехник. Жамбыл зооветеринарлық

2

техникумының түлегі. Шыңғыс Айтматовты жақсы көреді. Шыңғыс Айтматовтың Жамбыл зооветеринарлық техникумында оқығанын (1945-1948 жылдар), Жамбыл облысында зоотехник болғанын баяндайды, Әулиеата мен Айтматовтар әулеті тарихын таратады, Шыңғыс Айтматовтың әкесі Төрекүл Айтматовтың да Әулиатадағы орыс-түзем мектебінде оқып, білім алғанын айтады. Шыңғыс Айтматов пен өзі оқыған техникумды, өз мамандығын мақтан тұтады. Мен қызығамын. Сол техникумда оқысым қайтер еді деп ойлаймын. Кей кеште кісілердің бастары қосылып, әңгіме айтылады. Менің ынта қойып тыңдайтыным - ескі әңгімелер.

Құмның өз тарихы бар. Құм тарихы туралы әңгімелердің тармақтары көп. Үлкен кісілер әңгіме айтқанда, бірінің сөзін бірі бөлмейді. Жолымен, жөнімен сөйлейді. Қамбар ағам көп тыңдап, аз сөйлейді. Қойдың құмалағын алып, құмалақ ашатын бір қарт болды. Қойдың жаурынына қарап сөз сөйлейтін кісіні көрдім.

Есқожаның басында баяғыдағы қызыл отау сияқты бір үй болды. Ішінде газеттер, журналдар, кітаптар тұрады. Кітаптардың біразы кісілердің қолында. Қамбар ағамның қолында Ш.Айтматовтың «Тау мен дала хикаялары» деген кітабы болды. Әуелде орыс тілінде жарық көрген осы кітабы үшін жазушыға 1963 жылы Лениндік сыйлық берілгенін айтады. Қамбар ағамның кеңесімен «Тау мен дала хикаяларын» оқыдым.

4

Қамбар ағам бір күні мені қоян аулауға алып шықты. Қолында кіші калибрлі мылтық. Жалғыз оқпен атады. Нысананы көздеу қиын. Бұрын қолыма мылтық ұстап көрген емес едім. Қамбар ағам мылтықты қалай ұстайтынын, қалай оқтайтынын, қалай көздейтінін, қалай ататынын айтып, көрсетті. Мылтықты қолыма ұстадым. Жүрексінемін.

«Өмірде үш нәрсені кері қайтаруға болмайды. Бірі – өткен күн. Екіншісі – айтылған сөз. Үшіншісі - атылған оқ. Уақытты бекер өткізбеу керек. Сөзді бекер айтпау керек. Оқты бекер атпау керек».

Өзімді ағамның осы сөздерінің таразысына салып сынамаймын. Көп сөйлемейтін сияқтымын. Оқ атқан емеспін. Ал уақыт... Уақыт деген түлей құмның ішінде босқа өтіп жатқандай көрінеді. Осыған дейін аң аулауға да шықпағанмын.

Сәлден соң: «Мылтық ата білмеген аңға шықпайды, - дейді ағам. – Алдымен мылтық атуды үйрен».

Қамбар ағам мені нысана көздеуге, мылтық атуға үйретті. Жалдың етегіне келіп, сексеуілдің шырпысына нысана ілеміз. Нысанамыз түрлі-түрлі болады. Аттың тезегі, түйенің құмалығы да нысана болуға жарайды. Бір жолы атқан оғымнан түйенің құмалағы ұшып түсті. Кездейсоқ тиген сияқты көрінді. Менің атқан оғымнан емес, желден не құйынның лебінен ұшып түскендей болып та көрінеді. Қамбар ағам: «Болды, мылтық атуды үйрендің. Атқан оғын түйенің құмалағына тигізген адамға мылтық атуды үйрету артық», - деді.

Қамбар ағам мен Сәтекбай ағам анда-санда қоян аулауға шығады. Екеуінде екі мылтық. Қамбар ағам мені ертіп алады. Кейде олжалы қайтамыз.

Қоян менің оғымды бойына тигізбейді. Қоян деген бір тынымсыз болады екен. Бір жерде тұрмайды. Сексеуілдің түбін айналып, тыным таппайды. Бірде көрініп, бірде сексеуілдің тасасында қалады. Бір жолы қызық болды. Қоян кездеспей, енді қайтатын шығармыз деп келе жатқанбыз. Сөйтіп келе жатқанда, сексеуілдің түбінде секектеп жүрген қоянды көріп қалдық. Аңшылар жым-жырт. Екі ағам екі жерде мылтығын кезеніп бұға қалды. Мен қимыл-қозғалыссыз отырмын. Екі ағам бір қоянды нысанаға алды. Қамбар ағам шүріппені басқанда, қоян секіріп барып құлап түсті. Қасына жетіп бардық. Екі ағам оқ қоянның қай жерінен тигенін іздеуде. Әлден уақытта Сәтекбай ағам аң-таң қалып: «Мынаны қара, құралайды көзге атқан деген осындай-ақ болатын шығар», - деп, оқтың тиген және шыққан жерін көрсетті. Қызық болғанда, оқ қоянның бір көзінен тиіп, екінші көзінен шығыпты. Таңданысымызда шек жоқ. Қамбар ағам: «Е, мылтықтың басуына құланның қасынуы дәл келгендей нәрсе ғой», - дейді. Жол-жөнекей тағы бір қоян кезікті.

Біз қоян атқан жерді Қоянды дейді екен. Қояндыда көргендерім мен білгендерім, естіген сөздерім есімде.

5

Өндірістік тәжірибемнің құмда емес, далада өткені де бар. Жаздың кезі болу керек. Жиделіде. Шаруашылықтың кішігірім басшыларының бірі мені бір қойшының үйіне алып келген. Үйде қойшы мен қызы екеуі екен. Келген бойда қойшыға көмектесуге шықтым. Қой қайырамын. Бір шетте қойшының бой жете бастаған қызы жүреді. Мойнына жібектей үлбіреген қызыл орамал тағып алған. Қызыл орамал желмен желбірейді. Үй ішіне кірсем, қолыма кітабымды аламын. Бас көтермеймін, сөйлемеймін. Отырғанда, тұрғанда қатты қысыламын. Содан сол күні қараңғы түспей тұрып үй иесінің рұқсатын алып, өндірістік тәжірибемді Жиделідегі қырқынбазда өткізетін болдым. Онда ауылдың кісілері қой қырқып жатқан.

Қырқыншылардың әрқайсысының қой қырқатын орны бар. Соларға қорадан қой ұстап әкеліп беремін. Кейбір қойларды қырқыншылардың алдына алып келуге әлім келмей қалатын жайлар да болады. Ара-тұра өзім де қырықтықты ұстап, қой қырқуға талаптанамын. Қырықтықты ұстаудың өзіне біраз күш керек. Абай болмаса, қауіпті. Қырқыншылар жарыса қырқады. Қимылына көз ілеспейтін нағыз шеберлер бар.

Жиделінің толық аты – Жиделі бұлақ. Бұлақтың көзі мөлдіреп ағып жатады, бірақ басында жиде ағашы жоқ. Бір күні Қамбар ағам келіп кетті дегенді естідім. Атпен. Ірі қара фермасына барады екен. Ешқайда бұрылмай, Жиделі бұлақтың басына тоқтапты. Асығыс екен. Жолыға алмай қалғанымға қатты өкіндім. Жиделі бұлақтың басына бардым. Ағам Жиделі бұлақтың суынан ішкен болар деп ойладым. Мен де іштім. Ағам екі алақанын бұлақтың суына толтырып алып, бетін шайған болар деп ойладым. Мен де екі алақанымды бұлақтың суына толтырып алып, бетімді шайдым. Рақат. Көңілім орнына түсіп, жаным жай тапқандай болады. Ағама жолығып, амандасып, қасында болғанда, Жиделі бұлақ туралы айтар еді-ау деп қоямын ішімнен. Жиделі бұлақтың басында кезінде қалың жиде өсіпті, қасына келген адамға

жиде тал сәуесін түсіреді екен, жол ашады екен, бұлақ суында да сондай қасиет барға ұқсайды. Жиделі бұлақтың басына машинамен, трактормен келуге болмайды. Бұлақтың көзіне тиісуге болмайды. Үлкен кісілер осылай дейді. Соның бәрінің себебін білгім келеді.

Қамбар ағамды Жиделі бұлақтың басында көргім келген. Көре алмадым. Жиделі бұлақтың басында Қамбар ағамның сөзін тыңдағым келген. Тыңдай алмадым. Жиделі бұлақтың басына жиде егіп өсірсе ғой деп қиялдадым. Жиделі бұлақтың басында жиде тал сыңсып тұрса ғой...

6

Өлең жазып жүрген кезім. Сол өлеңдерімнің бір-екеуін аудандық газетке пошта арқылы жібергенмін. Газет менің өлеңдерімнің бірін өңдеп, жариялапты. Менің көзіме жарқырап көрінді. Бұл мен үшін үлкен жаңалық болды. Мектептегі сыныптастарымның алдында беделім өсіп қалды. Енді бұрынғыдай мектептің қабырға газетінің ғана ақыны емеспін. Ішімнен қуанғаным, мәз болғаным есімде. Көп ұзамай сол қуанышыма, мәз болғаным Қамбар ағамның себепші болғанын білдім. Ағам сол кезде аудандық газетте қызметте екен. Менің өлеңімді өз қолынан өткізіпті. Газеттің алдыңғы шығарылымдарының бірінің бетінен ағамның «Жиделі бұлақ» өлеңін оқыдым.

7

1968-1969 және 1969-1970 жылдары ауыл мектебінде бастауыш сыныптардың мұғалімі болдым. 1968-1969 оқу жылында ауданның халық театрының аты дүркіреп тұрды. Аудан орталығы Ақкөлдегі мәдениет үйінің жанынан құрылған драма үйірмесі белгілі жазушылардың пьесаларын сахнаға дайындап, ауданның шаруашылық орталықтарының бәрінде өнер көрсетті, талай жерді шарлады, талай елді көрді. Шығармашылық ұжым сол жылы, қыстың қаттылығына қарамастан, басқа аудандардың еңбекшілерінің де құрметіне бөленді.

Қыстың көзі қырауда облыс орталығында «Халық театры» атағын алудан үміткер мәдениет үйлері мен драма үйірмелерінің аймақтық-республикалық байқауы басталыпты. Сол байқауда Талас аудандық мәдениет үйінің драмалық үйірмесі Б.Майлиннің «Талтаңбайдың тәртібі» пьесасын сахнаға шығарып, тамаша табыстарға жетіпті, «Халық театры» атағын жеңіп алыпты. Режиссерлік тапқырлық, әртістік шеберлік, биік әдеби-эстетикалық талғам, ұжымның ынтымағы мен бірлігі, қапысыз кәсіби дайындық сарапшылар мен көрермендерді сөзбен айтып жеткізуге болмайтын әдемі, әсем әсерге бөлепті. Пьесадағы басты кейіпкер Талтаңбайдың рөлін Қамбар ағам нағыз кәсіби шеберлік деңгейінде ойнапты.

Ауданның мәдениет саласында үлкен жетістікке жетуі ауданның сол кездегі мәдениет бөлімінің бастығы Оразбек Баймұратов, аудандақ комсомол комитетінің екінші хатшысы Тұрғын Қойшығараев, аудандық газет қызметкерлері Сәти Сайлыбаев, Қамбар Қойшыбаев, режиссер Базарбек Жолтаев, әнші Қантай Атаева сияқты өнерпаздардың ұйымдастырушылық қызметімен, өнерпаздық қабілеттерімен тікелей байланысты болғанын кейін Қамбар ағамнан білдім.

5

Қамаңның сахна өнеріндегі үлгісі ауыл мектебіне де жетті. Біздің мектебіміздің ұжымы ұйымдасып, Хамит Ерғалиевтің Құрманғазы туралы поэмасын сахнаға шығарды. Келесі оқу жылында біздің мектептің көркемөнерпаздары да ауыл-ауылдың мәдениет үйлерінің сахналарында «Құрманғазыны» көрсетті. Қамбар ағамнан тараған тағылымның тағы бір көрінісі осындай болды.

8

Қамаңның ой қазынасынан іздейін дегенім ел мен жердің ескі тарихына байланысты аңыздар, әпсаналар еді. Сәті келгенде, ағамнан баяғы Есқожа құдығының айналасына қатысты аңыз-әңгімелерін тыңдадым. Әңгіме құмдағы құдықтар, жалдар, татырлар, өсімдіктер және басқа тақырыптарды қамтыды. Маған олар да керек. Бетпақ дала, ондағы көлдер мен шөлдер жайынан да білгім келеді. Қаратаудың күнгейі мен теріскейі туралы аңыздар табылып қалса деп ынтыққан сәттерім де бар. Жазбаша дерек көздерінен тапқандарым аз емес, ел аузында айтылып жүрген аңыздарды да білгім келеді.

Қамбар ағам менің ел мен жер тарихына байланысты аңыздарды білуге деген ынтамды аңғарып, оларды іздеп жүргенімнің себебін білгісі келетінін аңғартты. Менің Тәңіртаудың басынан аяғына дейінгі өлкенің, Тараз өлкесінің аңыздарын іздеп, жинап жүргеніме біраз болған. Тапқан аңыздарымның бәрі тиісті тәртіпте паспортталған. Бірқатарын жариялаған болатынмын. Ағама осы өлкенің ілкідегі тарихына байланысты, әсіресе жер-суға байланысты аңыздардан ата-бабаларымыздың өмірінің, қайғысы мен қуанышының, өкініші мен үмітінің, арманы мен алданышының алыстан талып жеткен сарынын сезгендей күйде болатынымды жеткіздім. Сол сарынның сазы көңілімді тербейтінін, көңілімнің алаңы басылмайтынын айттым.

Ағам бір сәт үнсіз отырды. Жүзіне, көзіне қарасам, толқып отыр екен. Әңгіме барысында Қамаңның да кейде осындай күй кешетінін білдім.

Ағам туған жерде аттап басқан сайын тарихтың көзі не өзі дерлік белгілер жатқанына, олардың әлі зерттеліп болмағанына, зерттелуі қажет екеніне назар аударды. Тіпті күн сайын алдынын ары-бері бірнеше өтіп жүрген «Бөлек қызыл» деп аталатын жотаның өзінде таңғажайып тарих барын айтты. Бөлек қызыл Ақкөлден Қаратауға баратын жолдың оң жағында. Сол жотаның күнгейіндегі кісі бойынан асатын биік жартастың беті қаптаған петроглиф екен. «Көбінесе таутеке мен арқар бейнеленген. Ара-тұра бір-біріне ат үстінде найза кезеніп тұрған адам мен түйелі кісі бейнесі кезігеді. Жартастағы сурет-галереяның ұзындығы бір шақырымдай», - дейді Қамаң.

Сол жерден, анда-санда болса да, ары-бері өтіп жүргендердің бірі мен едім. Мен сол галереяны осыған дейін көрмегеніме, ол туралы ештеңе білмегеніме ұялдым. «Өкінішке орай, - деп сөзін ары қарай жалғастырды Қамаң, - ата-бабаларымыздың тасқа қашаған таңбалары әлі күнге облыс ауқымындағы тарихи-археологиялық ескерткіштер тізбесіне ілікпей келеді». Өкінішті екені анық.

9

Осыдан біраз жылдар бұрын Қамбар ағам өзі білім алып, түлеп ұшқан

эл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетіне келді. Филология, журналистика факультетін аралап көрді. Өзіне дәріс оқыған ұстаздарын еске алды. Университеттің телестудиясына барып, оның қызметкерлерімен жүздесті. Телестудия қызметкерлерінің бірімен кеңінен әңгімелессті. Эл-Фарабидің мүсінінің алдында студент жастарға өлеңін оқыды, қолтаңбасын берді. Сонда оқыған өлеңдерінің ішінен «Қаратөбе», «Қоғылдың күйғаны», «Жиделі бұлақ», «Дүниенің басы – шын...» өлеңдері маған қатты әсер етті. «Жиделі бұлақ» өлеңімен бұрыннан таныспын. Ал қалған екі өлеңге арқау болған жер-су атаулары таныс болғанмен, өлеңдердің мән-мағынасын білмейтін едім. Ақын «Қаратөбе» өлеңін: «Армысың, айналайын, Қаратөбем!» - деп бітіргенде, көңілімнің толқыны көтеріліп барып басылған. «Жиделі бұлақ» жаңа бір шумақпен толысыпты:

Маңайлаған кісіге сыр ақтарған,
Сұлулығың баяғы жырақ қалған.
Ағашы жоқ сыңсыған Жиделінің,
Көз жасындай орнында бұлақ қалған.

Жиделі бұлақ - аталарымыздан қалған бал-бұлақ. Бөлтірік шешен елден көшіп бара жатқанда, Жиделі бұлақпен жылап қоштасқан деседі. Аталарымыздың кезінде Жиделі бұлақтың жиде талы сыңсып тұрыпты. Біздің кезімізде ғой жидесі кетіп, көз жасындай болып суы қалғаны.

Қамаң өзінің шығармашылығы жайында әңгімеледі. Елдің тарихы, әлеуметтік жағдайы, мәдениеті, тіл тағдыры, жекелеген тұлғалардың өмірі мен қызметі туралы публицистикалық еңбектері, эсселері, ақын-жазушылардың шығармашылығы туралы ойлары мен толғаныстары, өлеңдері – барлығы жеті том болатын шығармалар жинағын баспаға дайындап отырғанын, оны басуға талаптанған баспаның бірде тендірге қатыса алмай, бірде тендірге қатысып, ұта алмай қалатынын қажыңқы лебізбен білдірді. Сол жеті томның бір томында Шыңғыс Айтматов, Мұқағали Мақатаев сынды әдебиеттің әйгілі қайраткерлерінің өмірі мен шығармашылығы туралы эсселері топтастырылғанына, ал енді бір томында мен іздеп жүрген аңыздар туралы еңбектері барына тоқталды. Ағам «Тәңірқазған», «Бөріқазған», «Тәңірбергеннің даласы», «Көлқұдық», «Жалқамыс», «Бөлек қызыл», «Үш көкшенің құмы», «Күркіреу», «Теріс», «Ақсай», «Көксай», «Аса», «Талас», «Мойынқұм», «Жиекқұм», «Қаратау», «Көсегенің көк жоны», «Шымылдықтау», «Талдыбұлақ» атаулары жайында әңгімеледі.

Шымылдық тау - Ақкөл ауылының алдындағы қырқаға шыққанда маңдай алдынан көрінетін биік тау жотасы. Көлбеп жатқан тау жотасы көктем мен жазда көкжиекпен астасып, бейне бір тұтып қойған көгілдір шымылдыққа ұқсайды. Оның «Шымылдық тау» деп аталуы осы себепті.

Шымылдық таудың өзінде де, шөбінде де ерекше қасиет бар. Тау жотасының көктем мен жазда көкжиекпен астасып, бейне бір тұтып қойған көгілдір шымылдыққа ұқсауы оның бойындағы асыл қасиетінен екен. Ол қасиеттің сыны мен сырын ешкім түсіндіріп айтпайды, білмей айтуға болмайды.

Қамаңның ойы терең, сөзі салмақты, тіршіліктің мәнін философиялық толғамдар түрінде пайымдайды.

Қамаңның өмір, дүние туралы жазған өлеңдерінде мынадай жолдар бар:

Дүниенің басы – шын, арты – жалған,
Қазы бар ма өмірде артық ардан.

Дүниенің алды мен арты, бақи мен жалған туралы ойлар әуелден бар. Қамаңның өлеңінің мағынасы сондай ойлардың сарынымен үндеседі. Сонымен қатар ақын ойын да, қисынын да тереңнен қиыстырып, өзінің сырын толғайды. Дүниенің басы шын көрінетіні рас. Адам баласы тапқан дүниесінде, көрген қызығын да шын көреді, қолына қонған дәулет құсының да тек өзінікі екеніне, оның басқаға, басқаның оған ешқандай қатысы жоқтығына сенеді. Дүниенің арты адам баласына басқаша сыр ұқтырады. Бұған дейін шын, рас көргендерінің алданыш қана екеніне көз жеткізеді. Адамның өмір жолының осы бір бұлтартпас ақиқатына көз жеткізіп қана қоймай, оны үлкен ақындық таныммен пайымдау, Абай айтқандай, «айналасы теп-тегіс жұмыр келген» өлең өрнегіне түсіру – Қамаңның ақыл-ой байлығы мен қаламгерлік шеберлігін ұнасымды ұштастыруының нәтижесі.

Жалғыз байлық арым бар, өлсем – мұра,
Осы жолмен өмірде жүрем тура, -

деген өлең жолдарын оқығанда, Қамаңның өмірдегі азаматтық, адамдық келбетінің тазалығына, кісілігінің кемелдігіне көз жеткізгендей боламын, ар жолымен келе жатқанына, тура жүріп келе жатқанына сүйінемін. Менің түсінігімде Қамбар Қойшыбайұлы - өмірде азаматтық, адамдық келбетін таза ұстап, ар жолымен келе жатқан, тура жүріп келе жатқан кісі.

10

Шығармашылық еңбекті оқушы қауым түрліше қабылдайды. Біреуге оқып отырған шығармасында тосын сөздер болса, өзіне бейтаныс, мағынасы жат ұғымдар болса, ол сол шығарманың маңызы мен мәнін жоғары деп есептейді. Біреуге оқып отырған шығармасы барынша түсінікті, ұғымды болса, ол сол шығарманы жеңіл-желпі жазылғандай көреді. Алайда бір нәрсе анық: оқушы үшін қандай шығарма түсінікті, ұғымды болса, сол шығарма пайдалы болмақ. Қамаң әр шығармасының мағынасы анық, айқын болуын, халыққа түсінікті, ұғымды болуын өзінің шығармашылық қызметіндегі басты ұстанымына айналдырды, шығармасының ел үшін пайдалы болуын шығармашылық еңбегінің басты шарты деп білді. Мұндай ұстаным, мұндай шарт бұқара халықтың, көптің жайын ойлаудан туған биік азаматтық танымға негізделді. Қамаңның қалың елдің көкейіне қонатын, көңілін аршитын, ойын байытатын, жалпы мен жалқыға бірдей игілікті болатын шығармалары осындай биік азаматтық танымнан туған. Қамбар Қойшыбайұлы – шығармашылық ойлау кеңістігі кең, азаматтық танымы бай қаламгер.

Қамаң өз заманының ең озық білім мекемелерінде оқып, білім алды. Жамбыл зооветеринарлық техникумын, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің филология факультетін, совпартшколды бітірді. Еңбегі елге

белгілі әдебиетші, журналист, ақын. Жамбыл облыстық газетінде, аудандық газеттерде тілші, жауапты хатшы, бас редактордың орынбасары, бас редактор болып қызметтер атқарды, халық депутаттары Талас аудандық кеңесі атқару комитетінде нұсқаушы болды, шығармашылық жұмыстарын да орайлы жалғастырды. Қамаңның очерк, эссе, публицистика жанрларында ел өмірінің өзекті мәселелерін көтерген іргелі шығармалары мен поэзиялық туындылары, ел мен жер тарихына қатысты толғамдары, ақындар мен жазушылардың шығармашылығы жайында жазған еңбектері танымдық тереңдігімен, көркемдік-идеялық мазмұнының байлығымен, келісті стильдік жүйесімен маңызды. Олардан автордың талант табиғаты мен шығармашылық еңбегінің жасампаздық қуаты байқалады. Журналистік білік, азаматтық тұрғы, ақындық таным шынайы шеберлік деңгейінде тұлғаның бірбүтін қасиетіне айналуы талант табиғаты мен шығармашылық еңбектің ерен сипатына байланысты. Менің білуімде Қамбар Қойшыбайұлы - журналистік білігін, азаматтық тұрғысын, ақындық танымын шынайы шеберлік деңгейінде өзінің бірбүтін шығармашылық қасиетіне айналдырған тұлға.

Қамбар Қойшыбайұлы, аудандық мәслихат депутаты, мәслихаттың тексеру комиссиясының төрағасы бола жүріп, Тәуелсіз Қазақстанның демократтық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орнығуына, адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары қоғамның қымбат қазынасына айналуына өлкенің қайраткер қаламгері ретінде лайықты үлес қосты. Облыс, аудан жұртшылығының мәдени-әлеуметтік танымының тереңдеуіне, қоғамдық санасының баюына, ана тілінің мемлекеттік тіл ретінде дамуына, ел мәдениетінің артуына, облыстың бұқаралық ақпарат құралдарының нығаюына, шығармашылық жастарының өсуіне, туған өлке тарихын тану мен таныту ісіне зор еңбек сіңірді.

01.05.2019